

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.1 - С.384-387

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН, ТАУ АЛДЫ АЙМАҒЫНДА ЖІҢІШКЕ ЖАПЫРАҚТЫ ЭХИНАЦЕЯ ӨСІМДІГІН ЖЕРСІНДІРУІ ЖӘНЕ ИММУНДЫҚ ЖҮЙЕГЕ ӘСЕРІ.

*Пошаева Г.С. б.ғ.к., аға оқытушы
Шәріп Г.Б. 4-курс студенті
«Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық
Университеті» Шымкент қаласы*

Ботаника ғылымының басты бағыттарының бірі- жерсіндіру, бүлілімнің орны ерекше, жерсіндіру деп адам баласының бір мақсатпен белгілі табиғи -тарихи кеңістікте бұрын кездеспейтін түрін немесе жергілікті табиғи жағдайдан еспе өсімдікке айналдыру үшін бағытталған еңбегін айтады [1]. Әдетте бұл қасиеттер табиғи жағдайда байқала бермейді, ал басқа жерде өсіру өсімдіктің қалыптасқан түрдің бөлігі экотиптерде көрінеді.

Қазақстанда өсімдіктер дүниесі өте бай және алуан түрлі, олардың ішінде көптеген дәрілік түрлері бар. Бұрын табиғи орталықта өскен дәрілік өсімдіктер фармацевтикалық өндірістің негізгі шаруашылығы болып табылатын. Кейінгі кезде оларды көзсіз, есепсіз жинау салдарынан кейбір өсімдіктер жойылып кетудің қаупі төніп тұр. Сондықтан олардың табиғи қоры өндірістік шикізатқа деген сұранысқа еге бола алмайтыны түсінікті. Оған қоса кейбір дәрілік өсімдіктер Қазақстанда табиғи ортасында көп мөлшерде емес, бірақ фармацевтика өндірісінің оларға деген сұранысы өте үлкен. Сол үшін бұл өсімдіктерді жерсіндірумен шұғылдандыру қажет. Жерсіндіру ісі негізгі үш бағытта жүргізіледі.

1. Басқа елден мәдени өсімдіктердің жаңа түрлері мен сұрыптарын әкелу.
2. Дақылдарды бір аймақтан екінші аймаққа көшіріліп, сол жерде қолдану.
3. Дақылдар қатарына отандық, шет елдік табиғи жолдармен жаңа өсімдік енгізу.

Қазақстан Республикасында небәрі 3 пайыздық көлемде дәрі-дәрмек өндіріледі, басқаларын шетелдерден алып келінеді. Осыған байланысты мемлекеттік фармацевтика және медициналық қолданыс бағдарламасында "Қазақстан 2030 " стратегиясы бойынша өз мемлекетімізде тәуелсіз

фармацевтика өндірісін дамыту мақсатында, өзімізде шикізат дайындауды қолға алу керектігін атап көрсетеді.

Ауаның ластануынан, зауыт-фабрикалардың және көліктердің түрлі газ қалдықтарының молаюынан жылдан-жылға аурулардың асқынған түрлері көбейуде, сондықтанда дәрілік өсімдіктерге мұқтаждық артуда. Оның бір себебі табиғи өсу аймақтарында дәрілік өсімдіктердің қатары жойылудың алдында. Оларды жылма-жыл малдың аяғымен тапталуынан және адамдардың жұлуынан азаюда, бұл өсімдіктің кейбір түрлері 3-8 жылда бір мәрте көбейеді оныда ескерген жөн.

Сонғы жылдары Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында әр түрлі дәрілік өсімдіктерді жерсіндіріп, жойылу үстіндегі кейбір өсімдіктерді сақтап, оларды молайту мақсатында екпе жайы құрылған. Бұл өсімдіктердің көпшілігінің тұқымдары экспедицияға шығу жолымен жиналған. Екпе жайда таулы, жазық далалы, шөлді және жақын шет мемлекеттерден тұқымын әкеліп, жерсіндірілген дәрілік өсімдіктер қоры бар. Мұнда адам денсаулығына тиімді, оң әсер ететін өсімдіктер түрі жетерлік. Сол өсімдіктердің бірі Солтүстік Америкада өсетін жіңішке жапырақты эхинацея.

Қазіргі таңда ғылыми-зерттеу жұмыстарының мәліметтеріне сүйенсек Қазақстанда өсетін жүзден астам дәрілік өсімдіктердің түрі бар. Солардың ішінде фармаколог және фитотерапия мамандарын қызықтырып отырған өсімдіктердің бірі - эхиноцея. Сонғы жылдары Алматыда, Оңтүстік Қазақстан аймағында өсірілуде. Бұл өсімдіктің тұқымын алғаш рет жабайы табиғаттан алып келіп, жерсіндірген агротехникасын зерттеген Москва, Ташкент, Алматы- ботаникалық саябақтары.

Жіңішке жапырақты эхинацея өсімдігінің химиялық құрамы жайлы мәліметтер бар. Бұл туралы В.А. Меньшовтың (2001ж) еңбегіне жүгінуге болады. Бұл өсімдіктің вегетативтік мүшелерінің барлығында да көптеген микроэлементтер, аминқышқылдары және эфир майы болады. Эфир майының басшысы - сквиттер. Тамырында гюкозит, бетален, шайыр, органикалық қышқылдар, пальмитиндер, менамин, церопин кездеседі. Эхинацеяның құрамындағы полисахаридтердің болуы иммундық жүйені жоғарылатады. Сондықтанда бұл өсімдікке сұраныс көп және шет мемлекеттерде мал азығы есебінде, сондай-ақ қалаларды көгалдандыруда қолданады. Себебі оның құрамында протейіннің мөлшері 15,8%. Украинада малға жасыл балаусаның құрамына байланысты силос жасалады, сиыр сүті молаяды және де қоңы жақсарып, ауруларға төзімділігі артады, сондай-ақ күнбағыстан жоғары орында тұрады, толық гүлдеп болғаннан кейін сүрлеуге болады[4].

Эхинацеяның дәрілік қасиеттері. Эхинацеяның терапиялық қасиеттерінің ауқымы өте үлкен. Антивирустық, антифунальды, иммундық жүйені, микробқа қарсы, антиревматикалық, детоксикация және қабынуға қарсы қасиеттерді нығайтады. Жұқпалы аурулардың барлық түрлері: SARS, тұмау, шошқа тұмауы, зәр жолдары инфекциясы, жоғарғы тыныс жолдарының инфекциясы, адам папилломасы вирусы, вагинальды

ашытқылар инфекциялары, мерез, ішек бездері, малярия, тонзиллит, қан айналымы инфекциялары, стрептококк инфекциялары және дифтерия, құлак инфекцияларына емдеуге көмегі зор.

Сыртқы ауруларға да қолдануға болады, мысалы, абсцесстер, терінің жаралары, тері аурулары, күйіктер, экзема, псориаз және герпес . Пигментті дақтар мен сепкіштерді жояды, терінің қабынуын жеңілдетеді және әжімдерді тегістейді. Ол сондай-ақ шаштың өсуін жақсартады, жылтыратады және қайызғақтан сақтайды.

Эхинацеяға негізделген препараттар қазір өте танымал және дәріханаларда көптеген нысандарда сатылады - кептірілген гүлдер, капсула, тамшылар, таблеткалар мен лозенджердегі сығындылар, ұнтақтар, шай және шырындар, алкоголь тұнбалары. Көптеген елдердің фармакологиялық индустриясы адамның иммундық жүйесін нығайту үшін олардың эхинацеялық популяциясын дайындайды.

Эхинацея препараттарының үш жүзден астам түрлері белгілі, және эхинацея препараттарын тұтынатын аурулардың тізімі жетпіс пункттен асты. Эхинацеяның препараттары иммуностимуляциялауға, бактерияға қарсы, антивирустық және қабынуға қарсы қасиеттерге ие.[5]

Эхинацея өсімдігінің биологиялық сипаттамасына тоқталатын болсақ, бұл өсімдіктің туыстасы 22 түрден тұрады. (*Eangystifolia* D.C.). Көптеген түрлері АҚШ-та таралған. Жіңішке жапырақты эхинацея күрделі гүлділер тұқымдасына жатады. Жіңішке жапырақты эхинацея - биіктігі 0,6–1,5 м тіке сабағы бар, қою жасыл жапырақтары және диаметрі 13 см-ге дейін көрінетін гүлшоғыры бар көпжылдық шөп. Эхинацея гүлі қанық қызылғадан күлгінге дейін болатын ақшыл жапырақшалар королласымен қоршалған қара немесе қызыл қоңыр эпифальды орталықтан тұрады. Эхинацея жазда гүлдейді, өмірінің 2-3 жылынан бастап, ерте көктемде немесе күзде себілетін тұқымдармен көбейеді. Эхинацея қарапайым, бірақ ашық немесе жартылай көлеңкелі жерлерді, сазды, жақсы ылғалданған топырақты жақсы көреді. Эхинацеяның күрең тамырларының тамыршалары қысқа, үстірт орналасқан және ірі, сопақ тәрізді, ет жапырақтарымен сипатталады. Гүлдің басы кішкентай, жалпақ, сарғыш тікеншелермен жабылған [6].

Эхинацеяның елімізде үш түрі кеңінен тараған, ауыл шаруашылық өндірісінде өсіру кеңінен қолданылуда, дәрілік мақсатта пайдалануда сұранысқа ие.

- 1.Бозғылт эхинацея (*E.Palliola* Nutt);
- 2.Жіңішке жапырақты эхинацея (*E. angustifolia* D.);
- 3.Күнгірт эхинацея (*E. Purpula* (z) Moenh).

Эхинацея тұқымын Алматы ботаника саябағынан әкеліп Оңтүстік Қазақстанның тау алды аймағына егіліп, жерсіндірілді және ғылыми жұмыстар жүргізілді. Зерттеулердің нәтижесінде кәдімгі сұр түсті топырақта жақсы өсіп-жетіледі, тамыр жүйесі 115 см тереңдікке жетеді, жаздың аптап ыстығына, қыстың суығына өте төзімді. Алматыға қарағанда Оңтүстік өңірде 10-15 күндей ерте гүл жарады, құрғақ шикізат көлемі де жыл сайын артып отырады.

Бірінші жылы тамыр жүйесі 40-55 см тереңдікте болады, бойы 60-70 см, тамыз айында гүлдейді, бірінші жылы бір мәрте орылады, шикізат мөлшері 19,2 ц/га. Бірінші жылы кеш гүлдеуінен тұқымы толық пісіп жетілмейді.

Екінші жылы тамыр жүйесі 68-95 см тереңдейді, бойы 90-110 см, ерте мамыр айының ортасында гүлдейді, екі мәрте оруға болады. Шикізат мөлшері 38,6 ц/га. Екінші орылғанда 13,2 ц/га құрайды.

Суғармалы екпе жайда жіңішке жапырақты эхинацея өсіп-өну мерзімінің ұзақтығы 140-145 күн.

Қорытынды: Біздің зерттеулер нәтижесінде жіңішке жапырақты эхинацея өсімдігі қатал аптап ыстығына, қара суығына, топырағының құнарсыздығына, ылғалдылықтың жетімсіздігіне қарамай жақсы өсіп-жетіліп мол шикізат қорын жинауға болатынын дәлелдедік. Эхинацея өсімдігімен кішігірім шаруашылықтар табыс көзін табуда. Бұл өсімдік жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. А.А. Адаптивный потенциал культурных растений (эколого-генетические основы) - Кишинев 1988. -С. 591.
2. Соболевская К. А. Флорогенетический метод в интродукции растений // Изв.СО. АНТ СССР. Сер.Мед.-биол. Вып 2. -С 14-24.
3. Тюрина Е.В. Популяционная изменчивость и ее значение в интродукционных исследованиях. // Бюлл. ГБС- Вып. 137. -С.32-37.
4. Меньшов В.А. Биология цветения и плодоношения интродуцированных на Украине видов Охрана, изучение и обогашение растительного мира. М. Наука 1989 Т. 16.-С. 53-55.
5. Bukovsky M., Vaverkova S., Kostalova D., Magnusova R. // Ceskoslovenska Farmacie. – 1993. – V. 42, N 4. – P. 184-187.
6. Мамчур Ф.И., Зузук Б.М., Василишин А.А. // Фармацевт. журнал. – 1993. – N 2. – С. 38—41.